

"Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптық бөлімшелерінің тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақыға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қарашадағы № 1275 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 854 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, тергеу, саптық бөлімшелерінің тұрғын жай ұстау және коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақыға құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қарашадағы № 1275 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 43, 435-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*